



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№38 (946) Сәрсенбі 24 қыркүйек 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ЖИЫН ӨТТІ

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мәселелеріне арналған жиын өтті. Оған қалалық мәслихат төрағасы, депутаттар, ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйым, бұқаралық ақпарат құралдары, зиялы қауым өкілдері және жастар қатысты.

Жиында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев Жолдаудан туындайтын айқын міндеттерді жүзеге асыру жолындағы ортақ іске жұмылуға, ауызбіршілікпен жұмыс жасауға шақырды.

Жолдауда көтерілген негізгі бағыттар туралы қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, инвестиция тарту, кәсіпкерлік көкжиегін

кеңейту, осы саладағы негізгі міндеттер жайында Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов, әлеуметтік қолдаулар бағытында қалалық мәслихат депутаты, Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы облыстық Аналар Кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева, цифрландыру, жасанды интеллект бағытындағы жұмыстар туралы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлмырзаев, жастарға көрсетіліп жатқан қолдаулар жөнінде қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек баяндама жасады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 3500 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтіп, оған қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов қатысты. Жиынға төралқа мүшесі Салқарин Мырзабеков төрағалық етті. Жиында қала әкімінің орынбасары халықтың талап-тілегін атқарушы билікке жеткізуде қоғамдық кеңестің рөлі зор екендігін атап өтті.

– Құрметті кеңес мүшелері, Әділетті және қуатты Қазақстанды құру жолындағы міндеттерді орындаудағы мәртебелі қызметтеріңізге сәттілік тілеймін. Жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлесе табысты жұмыс жасап, кеңесте қаралған мәселелер оң шешімін табатынына сенімдімін. Кеңес құрамының жұмысы табысты болсын!, – деді Арнұр Әлібекұлы.

Кеңес отырысында өзекті бес мәселе талқыланды. Алдымен жол

қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы сарапталды. Бұл туралы кеңес мүшесі Ә. Теңізбаев хабарлама жасап, көтерілген мәселелерге байланысты ұсыныстарын жеткізді.

Жиында көтерілген екінші мәселе – «Қарасора – 2025» арнайы жедел профилактикалық іс-шарасын дайындау және өткізу жөнінде қалалық полиция басқармасының Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі,

полиция капитаны Асылхан Абилақбаров баяндады. Келесі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Нұржан Сүлейменов «Қызылөзек және Ақжарма ауылдық округтерінің 1-ші жарты жылдықта көрсетілетін мемлекеттік қызметтері» бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. Әрі қарай қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Кенжегүл Құрақбаева «Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің

және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы», қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова «2025-2027 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы сессиясының №223-32/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» қалалық мәслихат шешімінің жобасы» туралы баяндады.

«Ел тілегі» ақпарат



ЕГІН ЖИНАУ ҚАРҚЫНЫ БӘСЕНДЕМЕУІ КЕРЕК

Облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда егін жинау науқанының барысы қаралды. Жиында көтерілген мәселе бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады.

Қазіргі таңда қала бойынша егін жинау науқаны қарқынды жүруде. Шаруашылықтар жоңышқа орымын аяқтап, шөп дайындау жұмыстарын атқаруда. Бау-бақша өнімдері де межелі уақытында жиналууда. Ал, бүгінгі күнге күріштің 1 275 гектары орылып, 1 024 гектары бастырылған. Орта өнім 52 центнерден келуде. Егін жинауға қажетті жанар-жағар май жеткілікті деңгейде.

Күн райына қарамастан, егінді мүмкіндігінше шығынсыз жинап алған жөн. Тиісті сала жетекшілері науқанның қарқынын бәсіндетпей, оны 15-ші қазанға дейін аяқтауы тиіс, – деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жиында.



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-АРЫЗДАРЫ ТЫНДАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов тұрғындарға жеке қабылдау өткізді. «AMANAT» партиясының қалалық филиалы ғимаратында өткен жеке қабылдауға қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және қалалық полиция басқармасы бастығының орынбасары қатысты.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасына негізделген қабылдауда 40-қа жуық азаматтың өтініші қаралды. Көпбалалы аналар мен мүгедектігі бар жандар және жұмыссыз жүрген азаматтар мәселелерін жеткізді. Басым бөлігі - тұрғын үй алу, жол, көше жарығы және жер кезегі туралы сауалдарын жолдады.

Шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы көтерілген мәселелерге жауап беріп, шешу жолдарын қарастыруды жауапты басшыларға тапсырды. Ал, қалалық мәслихат төрағасы мен қалалық полиция басқармасы бастығының орынбасары қабылдауға келген азаматтарға заң аясында түсіндірме жасады.



КІНӘСІ ДӘЛЕЛДЕНДІ

Сырдария аудандық сотында ҚР ҚК-нің 335-бабы 1-бөлігі 1)-тармағы бойынша сотталушы У.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы У. балық аулау кезінде қолдануға рұқсат етілмеген тор ауларды көлге құрып, заңсыз балық аулаған. Сотталушы У.-дың қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттері өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, қаптапталардың қорытындыларымен және қылмыстық істегі басқа құжаттармен толық дәлелденген. Сот үкімімен сотталушы У. ҚК-нің 335-бабы 1-бөлігі 1)-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, балық ресурстарын және өзге де су жануарларын аулау қызметімен айналысу құқығынан 1 жыл мерзімге айырыла отырып, 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Сонымен бірге, азаматтық жауапкерден мемлекет пайдасына 403 517 теңге қылмыспен келтірілген залал өндірілді.

Сырдария аудандық соты

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 434-2-бабы 1-бөлігі бойынша 3 азаматқа қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. Анықталғандай, құқық бұзушылар ортақ пайдалану орындарын ластаған. Сот отырысында олар кінәларын мойындап, жасаған әрекеттеріне өкінетіндерін білдірді.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 434-2-бабы 1-бөлігіне сәйкес, ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау әкімшілік жауаптылыққа алып келеді. Сот қаулыларымен құқық бұзушылардың әрқайсысына 27 524 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Байқоңыр қалалық соты

2025 жылғы III тоқсанға Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппаратында ауыл әкімінің азаматтарды және заңды тұлға өкілдерін , оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адам (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты Жұма сағат 9-дан 12-ге дейін (апта сайын)	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Тауыпбаев Ғалым Камидинович	Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі		Мырзабай ахун ауылы, Мәдениет көшесі №34	41-5-77



ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының бірі – «Orda Glass Ltd» табақша шыны өндіру зауытының бас директоры Цай Го мырзамен кездесті. Кездесуде зауыттың ағымдағы жұмысы, өндірістік қуаты және алдағы инвестициялық жобалар талқыланды.

Айта кетейік, «Orda Glass Ltd» зауыты 2022 жылы Индустриаландыру бағдарламасы және «Бір белдеу – бір жол» Қазақстан-Қытай ынтымақтастық жобасы аясында іске қосылған. Жылдық қуаттылығы 197,1 мың тонналық бұл кәсіпорын – республикадағы табақша шыны өндіруші жалғыз инновациялық зауыт. Жобаны жүзеге асыру үшін 42 млрд теңге шетелдік инвестиция тартылған.

Зауыт іске қосылғаннан бері өнімінің 70%-ы ішкі нарыққа бағытталса, 30%-ы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузия елдеріне экспортталауда. 2023 жылы облыс әкімінің Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарының нәтижесінде былтыр жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндіретін жаңа желі іске қосылды. Жобаның инвестициялық құны 15 млн АҚШ доллары.

Облыс әкімдігі зауыттың

тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық қолдау көрсетуде кешенді шаралар атқарып келеді.

Өз кезегінде қытайлық инвестор құны 55 млн АҚШ доллары болатын, екі кезеңнен тұратын жаңа инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. Шыны зауытының жұмысы аймақта ілесіп өндірістердің дамуына серпін берді. Алдағы уақытта айна, бөтелке және шыңдалған шыны шығаратын зауыттар ашылмақ.

Бұл жобалар өңір экономикасын әртараптан-дыруға, шыны кластерін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ импортты алмастырып, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бастамалар облыстық бюджетке қосымша кіріс әкеліп, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға жағдай жасайды.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАННЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН

Бүгінде өңірде жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Аймақтағы әлеуметтік нысанның барлығы жылу беру маусымына толық дайын.

Сонымен қатар, облысқа қажетті 139 мың тонна көмірдің 30,6 мың тоннасы жеткізілген. Қалған көлемі кезең-кезеңімен толықтырылатын болады. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин айтты.

- Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13,5 млрд теңге қаржы жоспарланған. Қызылорда жылу электр орталығының Оңтүстік қазандықтың Боно энерджи маркалы үш бу қазандығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға

Үкімет резервінен 2,5 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. Қазіргі таңда 1 дана қазандық орнатылды, қалған 2 қазандық осы аптада нысан басына жеткізілетін болады. Бұл жұмыстар 10 қазанға дейін толық аяқталады. Облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі 42 пайызды құрайды. Биыл 8,7 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға қаражат бөлінді. Сондай-ақ, электр энергиясымен қамту желілерін жаңғыртуға 5,9 млрд теңге бөлінді, ол қаржыға 280 шақырым электр желілері мен 87 дана қосалқы станция жаңғыртылып жатыр,- деді Медет Усаин.



СҰЛУ СЫРДАН – ҰЛЫ АБАЙ ЕЛІНЕ

Семей қаласында Абайдың 180 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан - ұлы Абай еліне» атты Қызылорда облысының өнер күндері өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация құрамында Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов, Р.Рүстемов, М.Ергешбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, аймақ ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар, симфония оркестрлері, «Сыр самалы» вокалды-аспапты, «Томирис» би ансамбльдері, хор ұжымы, басқа да өнерпаздар бар.

Семейдегі Абай атындағы театрда Абай елінің көрермендеріне сұлу Сырдың жыр сәлемі жеткізіліп, аймақ басшысы концертке келушілерге ізгі тілегін білдірді.

«Еліміздің ұлттық руханияты мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің ордасы – киелі Семей өлкесінде Өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Семей – ұлы даланың ұлағатты өлкесі. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған, зиялыларымыз елдің болашағы үшін күрескен қастерлі өңір. Семей – ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы» деп лайықты бағасын берді.

Абайдың есімін иеленген қасиетті өлкеде ұлы тұлғаның 180 жылдығы биыл аса жоғары деңгейде аталып өтті. Мемлекет басшысы «Ұлы Абай – біздің



еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы» деген болатын. Ақын өсиеттері – бүгінгі ұрпақтың айнымас қазығы. Баршаныңды қазақтың ұлы ақыны, «адамзаттың Абайы» атанған ағартушы, рухани реформатор Абай Құнанбайұлының жалпы-халықтық тойымен Сыр жұртшылығының, Өзімнің атымнан шын жүректен құттықтаймын!

Семей және Қызылорда қалалары ұлтымыздың тағдыршешті мәселелері қаралып, маңызды шешімдер қабылданған саяси орталық ретінде тарихқа таңбаланған.

Бүгінде Президентіміздің қолдауымен дербес облыс болып құрылған Абай елінде серпінді

жобалар қарқын алғанына қуаныштымыз. Мәдениет пен руханиятты дамыту – еліміздің тұтастығын, ұлттық сана мен қоғамдық келісімді нығайтудың берік негізі. Шара екі өңірдің мәдениет, өнер саласы қызметкерлерінің тәжірибе алмасуына, іскерлік байланыстарды арттыруға ықпал етеді. Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, болашағы жарқын болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік басқосуда Абай облысының әкімі Берік Уәли сөз сөйлеп, өнер күндерін өткізуге қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, атсалысқан өнерпаздарға алғысын жеткізді. Концертте Қорқыттың күйі, халық әндері, Сыр сүлейлерінің термелері, «Ұлы дала поэмасы»

хореографиялық қойылымы, күй тартыс, «Махамбет» поэмасы және басқа да туындылар көрерменге ұсынылды. Еске салайық, бұған дейін Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері Елордамыз Астанада, одан кейін Алматы қаласында жоғары деңгейде ұйымдастырылған еді.

Өңірдің өнер майталмандары Наурыз мерекесін, еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттап, Испания, Финляндия, Эстонияда маньзды шаралар өткізді. Алдағы қазан айында ұлттық мерекеміз – Республика күніне орай Швейцарияның бірқатар қаласында Қызылорданың мәдениет және өнер күндерін өткізу жоспарланған.

«Ел тілегі» ақпарат

КЕЗЕКТЕН ТЫС 41-СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен қалалық мәслихаттың кезектен тыс 41-сессиясы өтті. Күн тәртібінде «2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы» қаралды.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы бойынша округтік және учаскелік сайлау комиссияларында қалыптасқан бос орындар толықтырылып, тиісті өзгерістер енгізілді.

Сессияда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй сатып алу, Қызылорда қаласының архитектуралық-сәулеттік келбеті мен туристік әлеуетін арттыру, жолдарды жөндеу, тұрғындарды ауыз сумен жабдықтау, көріз желілерін жүргізу, «Сабалақ» елді мекенін газдандыру мен осы елдімекендегі су қоймасының құрылысын жүзеге асыру барысы талқыланды. Оған қоса, ағын суларды биологиялық тазарту станциясын жаңғырту, автоматтандыру және басқа да ауқымды жұмыстарды атқару үшін 2025-2027 жылға арналған қалалық бюджетті нақтылау туралы ұсыныс енгізілді.

Қала әкімі Нұржан Сәбитұлы: «Жыл басында 73,1 млрд теңге болып бекітілген қала бюджеті 8 айдың қорытындысында 144,2 млрд теңгеге жетіп, екі есеге артты. Салық базасын кеңейту жұмыстары аясында 499 нысан қайта бағаланып, олардың жалпы құны 13,5 млрд. теңгеден 60,5 млрд. теңгеге өсті. Бұл нақтылау тек қарапайым қаржылық түзету емес, ол – тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға тікелей әсер ететін қадам», – деді жиында.

АДАЛ ЕҢБЕК – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ



Қызылорда қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы облыстық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Адал еңбек – нәзік жандар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынның негізгі мақсаты – қоғамдағы әйелдердің рөлін айшықтау, отбасы құндылықтарын дәріптеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерін ортаға салу болды.

Іс-шараға ҚХА жанындағы Республикалық Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай, Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының психологы Айсұлу Нұрманбаева, Отбасы қолдау орталығының маманы Айгүл Мешітбаева, облыстық Полиция департаментінің өкілі, полиция майоры Замира Сайгондыққызы, сондай-ақ коммуналдық қызмет өкілдері мен әлеуметтік көмек алушы азаматтар қатысты. Жиынды облыстық Аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева жүргізді.

Баян Ахатай өз сөзінде жастарды еңбекке баулудың маңызына тоқталып, отбасының тұрақтылығы мен ұрпақ тәрбиесіндегі

жауапкершілік жайында ой қозғады. Оның айтуынша, соңғы жылдары отбасы институтына әсер ететін келенсіз факторлар – ажырасу деңгейінің артуы, нашарқорлықтың жасаруы – алаңдатарлық жағдай. «Өркениетті қоғамның негізі – мықты отбасы. Ал берекелі отбасының тірегі – адал еңбек. Сондықтан ата-ана да, жас ұрпақ та осы құндылықтарды жайында ұстап, өнеге етуі тиіс», – деді ол.

Жиында қатысушылар нәзік жандардың қоғамдағы орнын, еңбектегі қажыр-қайратын атап өтіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тетіктерін талқылады. Сонымен қатар облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қаламқас Каримоваға туған күніне орай гүл шоқтары табысталды. Шара аясында психологиялық тренинг ұйымдастырылып, дөңгелек үстел жұмысы қорытындыланды. Басқосу соңында әйелдердің адал еңбегін бағалау мен қоғамдағы мәртебесін көтеру – баршамыздың ортақ парызымыз екендігі ерекше атап өтілді.

СЫР ЖҰРТШЫЛЫҒЫ АЙДОС СҰЛТАНҒАЛИДИ ҚАРСЫ АЛДЫ

Хорватия астанасы Загреб қаласында грек-рим күресінен өткен Әлем чемпионатында Сыр елінің мақтанышы, жерлесіміз Айдос Сұлтанғали 60 кг салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанып, ширек ғасырдағы тарихи жеңістің иегері атанды. Осыған орай, бүгін «Қорқыт ата» атындағы халықаралық әуежайда жерлесіміз Айдос Сұлтанғалиді салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Мерекелік шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы, облыстық басқармалар, белсенді жастар, БАҚ өкілдері, спортшылар, жаттықтырушылар және сырбойылық жанкүйерлер қатысты. Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы Айдос Сұлтанғалидің тарихи жетістігімен құттықтап, ыстық



ықыласын жеткізді.

-Бүгін барша Сыр өңірі жұртшылығымен бірге ерекше тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Жерлесіміз Айдос Сұлтанғали Әлем чемпионатында жеңімпаз атанып, қазақ спорты тарихында алтын әріппен жазылатын үлкен жеңіс сыйлады. Батыр ұлымыз Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта грек-рим күресінен Әлем чемпионатының финалында белдескен санаулы

қазақ балуандарының бір болса, осы ғасырда алтыннан алқа тағып, жеңіс тұғырынан көрінген алғашқы спортшымыз атанды. Осы орайда жерлесіміздің жарқын жеңісіне себепші болған бапкерлеріне, ата-анасына және спортшыларға шексіз алғысымды білдіремін. Қазақ елінің, Сыр өңірінің атын шығаратын чемпиондарымыз көп болсын, - деді облыс әкімінің орынбасары. Өз кезегінде Сыр елінің

сайыпқыраны Айдос Сұлтанғали барша жерлестеріне шексіз ризашылығын білдірді.

- Қазақ спортында 26 жылдан кейін тарихи алтынды сыйлағанымға өте қуаныштымын! Бұл жеңіс – менің ғана емес, күллі қазақтың жеңісі деп білемін. Қаншама жылдан бері мені қолдап, демеп жүрген барша жанкүйерлерге, отбасым мен бапкерлеріме алғысым шексіз. Алдағы уақытта да еліміздің көк байрағын көкте желбіретіп, туған жеріміңнің мерейін асыра беруге бар күшімді саламын, – деді әлем чемпионы.

С он да й - а қ, А й д о с Сұлтанғалидің жеке бапкері Ғабиден Райымбекұлы да Сыр жұртшылығына өз алғысын білдірді. Шара барасында чемпионымызға арнау айтылып, қазыналы қариямыз ақ батасын берді. Сондай-ақ, жанкүйерлер Айдос Сұлтанғалиға ақ тілегін жеткізіп, естелік суретке түсті.

Жаңақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Нұрғазав Марлен Бақытұлы	«Жаңақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні Сағ. 15.00-17.00	Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44	22-4-97

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44 ғимаратта орналасқан Жаңақорған ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде 22-4-97 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

2025 жылдың ІІІ-тоқсанында Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Оразбаев Ардак Даулетбаевич	Мәдениет ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма күндері сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №3	35-4-07

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Екпінді ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Кожамжаров Қайрат Гурсынович	Ауылдық округінің әкімі	Сәрсенбі, жұма күні сағат 10 ⁰⁰ - 12 ⁰⁰ және 15 ⁰⁰ - 17 ⁰⁰	Екпінді ауылы Б.Алмасбаев көшесі №18	53-9-63

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ


Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексінің талаптарын жүзеге асыру мақсатында аппарат қызметкерлері талаптарына құқық бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда Екпінді ауылы, Б.Алмасбаев көшесі №18 үйде орналасқан 53-9-63 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын және ауыл әкімінің барлық жұмыс күндері сағат 10.00-12.00, 15.00–17.00-ге дейін жеке және заңды тұлғаларды тұлғаларды қабылдайтындығын хабарлайды.

Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы «26» наурыздағы №26- өкімімен бекітілген қосымша

Жаңаталап ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды оның ішінде осы органның қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Абдикалыков Куаныш Боранбекович	Жаңаталап ауылдық округі әкімі	Әр аптаның Сәрсенбі –жұма күндері 15 ⁰⁰ -ден 18 ⁰⁰ –ге дейін	Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі, П.Қарақұлы көшесі №56-үй	(872431) 41-1-12

ЖАС ОҚЫТУШЫ МЕН ТӘЛІМГЕР: КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ



Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жас оқытушылардың үлесі артып келеді. Колледжде алғаш келген жас маман үшін оқу процесін ұйымдастыру, студенттермен жұмыс жүргізу, тәрбие мәселелерін шешу оңай емес. Осы орайда тәлімгердің бағыт-бағдары ерекше маңызды. Колледждегі тәлімгерлік жүйе – жас оқытушыны

кәсіби ортаға бейімдеудің тиімді құралы. Колледжде келген жас оқытушы көбіне теориялық біліммен қаруланғанымен, студенттердің психологиясын түсінуде, топпен жұмыс істеуде тәжірибесі жеткіліксіз болуы мүмкін.

Жас маманның артықшылықтары:

- Заманауи цифрлық технологияларды меңгеруі;
- Жас ерекшеліктеріне сай студенттермен еркін тіл табысуы;
- Жаңашылдыққа бейімділігі;
- Жобалық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыруға құлшынысы.

Сонымен қатар жас оқытушыға сабақ жоспарын тиімді құру, аудиторияны басқару, әдістемелік құралдарды қолдану, студенттің кәсіби бағытын дұрыс қалыптастыру сияқты дағдыларды меңгеру қажет.

Колледж оқытушылары арасында тәжірибесі мол ұстаздар жас мамандарға тәлімгер болып бекітіледі. Тәлімгердің міндеттері:

- Сабақ жоспарын құруға әдістемелік көмек беру;
- Ашық сабақтарға қатысып, талдау жасау;
- Студенттермен қарым-қатынас орнату жолдарын үйрету;
- Арнайы пәндерді өндірістік тәжірибемен байланыстыру тәсілдерін көрсету;
- Күзят жүргізу, оқу-әдістемелік жұмыстарды реттеуге бағыт беру.

Тәлімгер жас оқытушыға педагогикалық қана емес, психологиялық қолдау көрсетеді. Себебі колледж студенттері жасөспірім кезеңінен жас ересектікке өтіп жатқан шақта тәрбиелік мәселелер жиі туындайды.

Колледжде жас оқытушы мен тәлімгер арасындағы сабақтастық мынадай артықшылықтар береді:

- Жас маман қысқа мерзімде кәсіби ортаға бейімделеді;
- Оқу процесі тиімді ұйымдастырылады;
- Колледждің білім сапасы артады;

- Студенттердің мамандыққа деген қызығушылығы нығаяды;
- Ұжымдағы бірлік пен сыйластық күшейеді.

Мысалы, колледждерде «Жас маман мектебі», «Тәлімгерлік сағаттар», «Әдістемелік кеңестер» өткізіледі. Бұл шараларда тәжірибелі ұстаздар өз әдістемелерімен бөлісіп, жас оқытушыларға қолдау көрсетеді.

Колледждегі жас оқытушы – білім беру жүйесінің болашағы, ал тәлімгер – оның сенімді тірегі. Екеуінің бірлескен жұмысы оқу орнының дамуына, студенттердің кәсіби білім алуына және сапалы маман қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан әрбір колледжде тәлімгерлік жүйені дамыту – уақыт талабы.

Ақнұр ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда
политехникалық жоғары колледж
оқытушысы

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 2702 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 5 қыркүйектегі №01-03/1062 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Абдикаликова Азиза Садықовнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, № 1 үй мекенжайында орналасқан жалпы көлемі 327,0 (үш жүз жиырма жеті) шаршы метр коммерциялық мақсаттары үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-009-1832) жер учаскесінен қажетті көлемі 50,0 (елу) шаршы метр бөлігін ойын алаңын салу және көркейту-қоғалдандыру мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 24 желтоқсан болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі **Н.Ахатов**

Постановление акимата города от 22 сентября 2025 года №2702

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда №01-03/1062 от 5 сентября 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства игровой площадки и в целях озеленения - благоустройства у собственника Абдикаликовой Азизы Садықовнына праве частной собственности,расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Коркыт Ата, дом № 1 (кадастровый номер 10-156-009-1832), необходимой площадью 50,0 (пятьдесят) квадратных метров с общей площадью 327,0 (триста двадцать семь) квадратных метров для коммерческих целей.

2. Датой принудительного отчуждения определить 24 декабря 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений»акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда **Н.Ахатов**

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.



Телефон қоңырауы шырылдады. Ақжан ұйқылы-ояу кілем үстінде жатқан ұялы телефонын қолына ала сала, қарауға да үлгірместен «Алло, бұл кім?» дей беріп еді, арғы жатқан шыққан «Балам» деген әкесінің қоңыр үні құлағына жетті. Арсыз ұйқының жетегінде күн көтерілгенше марғауланып жатқан боз жігіт бойын тез жинап, «Ассалаумағалайкум әке, қалыңыз қалай? Денсаулығыңыз жақсы ма?» деп амандық жайын жіпке тізген маржандай қапсырлаға сұрай жөнелді.

— Аманшылық, жақсымын, балам! Бірақ осы екі ауыз сөзден-ақ әкесінің сөзінде аздаған дірілді байқағандай.— Әке, менен бірденені жасырып тұрған жоқсыз ба?

— Балам, мені әкетіп бара жатқан ештеңе жоқ, сәл болар-болмас суық тиген сияқты, белім аяқ астынан шойырлылып қалды. Әй, балам, сен қатты аландап кетпе, ыңғайын келіп жолағ шығарыңда хабарлас.

Әкесімен сөйлесіп болысымен жүрегі атша тулап, қан тамырлары солқылдап соққандай болды. Кеше түн ортасында жүрегі ауызына тығылдардай болғаны есіне түсіп құдайдан медет сұрап жақсылыққа жорыды. Енді басқа жұмысты ысырып қойып ауылға ат басын тіреуді жөн санағандай, ауыл мен қаланы қауындықтың жолығып жүрген таксистерге хабарласып, бос орынның бар-жоғын біліп еді, әйтеуі бір орынның барына қуанды. Такси басқа да жолаушыларын отырғызып алды да, ауыл қайдасың дегендей жүйткіп келеді. Жол ортасына келген тұста асханадан әлденіп алуға түсірді. Ақжан да ел қатарлы тамағын алып, бір бұрышқа жайғасты, алған тамағын іше алмады. Іштей аландау басым. Араға бірнеше сағатты артка тастап ауыл шетіне де ат шаптырым жер қалған еді. Әкесіне қоңырау шалып еді, әлі көз ілмеген екен. Сарыла күтіп отырғандай. Межелі жерге де жетіп таксиске алғысын айтып, жүгіре басып үйіне де жетті. Есікті еппен ашып әкесі жатқан бөлмеге қарай алып ұшып жеткенде өз көзіне өзі сенбей қалды.

Алпамсадай әкесінің шөкімдей ғана болып төсегінде жатқанын көргенде аяғы алға жылжымай босағада тұрып қалды. Есті әке есікте аңырып қарап тұрған баласын көрісімен: «Балам, босағада тұрма! Келе ғой!» дегенде ұйқыдан жаңа ғана тұрғандай есенгіреп барып, жалма-жан әкесінің бауырына басын қойды. Кеуде тұсынан Ақжанның әкесіне тән ғана терінің қошқыл жағымды иісі бар, бозбала құшырлана мауқын баса алмай иіскеп жатыр. Әлден уақытта сыртқы есіктің сықыр еткен дыбысы естілді, ес жиып бас көтергенше қаршадай ғана қара ұл иіліп сәлем беріп, қолындағы бір құмыра кеспе көжесін Ақжанның қолына ұстатып жатып: «Шешем беріп жіберді, нағашы атам тезірек сауығып кетсін» деді де, кері кідіріс жасап есікке қарай беттей бастады. Қаршадай ғана баланың ілтипатына дән риза болып, алғысын айтып, үйден шығарып салды. Үйге қайтып кірісімен келген баланың мән-жайын сұрады, сөйтсе арасы төрт-бес ата аралаған жамағайын апайының баласы екен!

Көктем келгенімен, күннің көзі әлі де болса жылына қоймаған шағы болатын, төсек тартып жатқаннан бері іш пен сырттың шаруасы сәл де болса басылып қалыпты. Білегін сыбына салып сырттан тезек пен көмірдің қиыршықтарын әкеліп, күлі қобырап жатқан темір пештің ауызын ашып, күлін мысық жалағандай ыңғайлап алды да, дайындап әкелген отындарын салып, жылуы қаша бастаған үйге көмірдің қызуы күшейгенде әр кіре бастады. Қора-қопсы жақта азын-аулақ малға шөп салып жатқан, баласының жанына таман келіп, таяуда ғана ауысып алған күрең құнанды көрсетіп өзіндік сынын айта келіп, «бұйырса мамыр айында бойтеге қосам, көр де тұр бұл жануар шашасына шан жүктейт мәреге бірінші келеді» деп өз жорамалын жасап қояды. Әлден уақытта «Балам, Қозықүррөңнің бөйгеген келгенін аңаң да көретін болды» деді де кемесендеп, теріс айналып жасын көрсетпейін деген болуы керек, бойын тез жиып алды. Баласына «Алда жақсылық бар, аңаң да келетін күн әлі есе емес, бұл саясат деген сайқалдың құрбанына айналған азынғандай ғана халықтың не кінәсі бар?

Айыпты — кінәлілерін ғана құрықтаса бір жөн, еңбектеген баладан еңкейген қарттарға дейін «Саяси үйрену» деген лақап атты алған жер бетінің тозағына айналған тар қапаста арғы беттегі туыс-туғанын, құдай қосқан жан жарының біреуі болмаса біреуі шыбындың жаны шырықтарып жатыр ма?» деген уайым қайғының салмағын ауырлатып тұрғаны. Көрші елде жіпсіз байланып алып ай бойы келе алмаған жарының қайғыдан қан жұтты аң ұрып әкенің қолдан келер дәрменінің жоқтығынан тәңірінен ақ жолыңнан тайдырмай, жақтылыққа жаршы болып, кең дүниені тарылта қорме құдай, бір құрсақты жарып шыққан жетеудің бөсеуі арғы бетте қалып қойғаны арқасына аяздай батып тұрғанын әке ойын бала кезден көзінен оқыған баласы көңілі құлазып тұрған әкенің көңілін көтеруге тырысып бақты, әне-міне дегенше ымырт үйіріліп малды ыңғайлап болып әкесі екеуі еңсесі биік ақ үйге қарай аяңдап бастады. Үйге кірісімен әкесін төсегіне ыңғайлап жатқызып кешкі астың қамына кірісіп кетті, арасы бірер сағаттың ішінде күріш көже де дайын болып үстел басына әкесін әкеліп жайғастырды, күріш көжені ішіп болысымен қызыл күрең шайды сораптап ішіп, әкесінің самайынан аққан терін анда-санда бір сүртіп қойып, түн жарымына дейін ұзақ әңгіме айтылды. Уақыт та бір жерге барып, ұйқыға бас қояр шақ болса да бөлгінің жарығын жаңа ғана сөндірсе де, әкесі анда-мұнда әңгімесін аяқтағысы келмей, тып-тыныш бола қалса, «Әже, ұйықтап қалдың ба?» деп оятып алып ұзын-сонар әңгімесін ары қарай тағыда сабақтай жөнелді...

— Балам, — деп бастады бір уақытта, — екеуінің екі қалада білім алып жатқандарын мені қуантады, бәрі көз алдында шығар, осы күнге жету жолында қаншама қиындықтар мен жауапсыздықтардың, сылдыр сөз бен сумақы құлқының құрбаны болдың, жеме-жемге келгенде сырт айналып шыға келген екі көзіңнің бірінің кісілік келбетіне де көзін жетті.

Ойыңа сақта: бүгін сатқан адам ертең де сол қателігін қайталай береді, ондай ұятты қалталарына салып алған бауқеспелерден абай бол! — деп сөзін тәмамдады.

Арада төрт-бес сағаттың қалай өте шыққаны да беймәлім, сырттан есікті біреу қағып тұрғанын ести сала аяғына көлденең жатқан бір кесісті сүйретті де, есіктің ілмегін ашса, еңгезердей ұзын бойлы, қара сұр, әкесінің туған ағасы қасында қолындағы ұлы мен келінін ертіп әкесінің көңілін сұрауға және күні кеше ғана әкесінің шақырғаны есіне түсіп жақын туыстарымен жамырай амандасып төргі үйге қарай бет түзеді. Сырттан самбырлай сөйлеп кірген етжакындарының дауыстарын естігенде төсекте пырдай болып ұйықтап жатқан әкесі басын төсектен жұлып алып, аз уақыт болса да көріспеген ағасына сәлем беріп, ұл мен келінінің сәлемін жылы қабылдап, келгендеріне балаша маз болып ауылдағы бала-шағасының халін сұрап көсіліп сөйлеп, нұрлы дидарымен жан-жағына алма-кезек көз тастап қояды. Ағалы-інілі екеуі өткен-кеткендерін айтып біресе күліп,



біресе мұңайды. Мұңайып отырғанның жөні бар: бір құрсақтан тараған жеті ағайынды: үш ұл, төрт қыз, екеуінен басқасы Тарбағатайдың арғы бетінде балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп, ел қатарлы жандарын бағып жатыр. Қос әкені ойландырып-толғандырып, толқытып тұрған соңдарынан ерген інілерінің әлі қоныс аудармағаны, содан тараған шынашақтай ұлдың ертеңгі тағдырын бүгінгі мына тұрлаусыз дүние мен зобалаң заманның ағасымен бағамдап майысқа отқа қуырылғандай шыр-пыр болып екеуінің де иықтары түсіп, кемесендеп бірденелерін айтып, шай қайнатым уақытта Орқашар мен Маңырақтың арасын ойқақтап тастағандай...

Сүт пісірім уақыт өткенде шай қайнап төрт-бесеуі қаумалап дөңгелек үстелді айнала жайғасып ыстық шайдан бір сораптап ішіп, бірі бастап екіншісі қостап әңгіменің тиегін ағытты. Етжақындары келіп ширап алған әкесі дәрігерге барып қаралуда естен шығып кеткендей. Шүйіркелесіп ұлап-шулап отырғанымызды байғыздың сұңқылындай жедел жәрдем көлігі есіктің алдына келіп тоқтағанда жүрек дір ете қалды. Кезекші дәрігерлер бөз-баяғыша үйренішті әдістерімен қан қысымын, одан ары қарай жүрек тұсына, жауырынына сәл-сәл тигізіп, жағдайы бір қалыпты деді де, есік қайласын дегендей сөмкелерін іле салып үйден шығып бара жатқанда ағам:

— Мына кісінің жағдайы қалай, екі-үш күн бойы орнынан тұра алмай төсек тартып жатып қалған еді, қайта бүгін тетігі жақсы сыртқа да өзі шығып келді, — деп сөзін әрімен қарай сабақтады.

— Үлкен орындарда апарып көрмесіз бе? Әлде кісі шошштындай қауіпті емес пе?

— Сұраулы көзбен алдында тұрған ақ қалатты дәрігерлерге қарады.

Олар тым асығыс еді, қаратсаныздар жедел жәрдем көлігімен ала кетейік дегендей сыңай байқағты...

Күн де екінтіден ауып барады, Ақжан әкесін больница төсегіне танып, жеңгесі екеуі керекті дәрі-уколдарын алудың абыр-сабырмен төрт көшнен шарлап жүрді. Алып келген дәрі-дәрмекті келіп өткізіп, әкесі жайғасқан бөлмеге қарай аяңдады. Төсекте бөлмеде жүрген медбикенің қас-қабығына қарап жапақ-жапақ етіп отырған әкесін танымай да қалды. «Әке-ау! Сіз жапақтамақ құрлы кісі баласынан именбей ақты ақ, қараны қара деп төрелініп айтып, осы жасқа келгеніңше бетіңе жұмыр басты пенде қарамаған еді ғой, әке! Тіпті жағ болсын, жақынның болсын, өтірік айтып қиықтаса тезге салып отырушы едің ғой. Неге! Неге сонша әлсіреп, неге сонша алуың құрып отыр. Неге!» деп жанарымен ғана сөйлескендей болды. Бір сәтте ол:

— Тәуір болып қалдым, тым абыржып аландап кетпендер, аз күнде жазылып шығам! — деді.

— Бағантай, атаң кірсіңші! — деді. Артынан ерген құла бестісінің төсек тартып жатқаны жанын жегідей жеген атасы жаңы суалып, жанары мөлітпен бөлменің есігінен інісіне қарай бір басып екі басып қасындағы төсекке келіп жайғасты.

— Ау, Дәйаға! — Менің ай-күнім жақындаған сияқты, артта қалған қос құлыным өзіне аманат.

Аналары келгенше жүдеп-жадап қалмасын, өзіннен басқа кімге тапсырам?! Өмір бар жерде өлімнің де болатыны ақиқат. Артынан ерген інісінің әрбір сөзі жүрегін шымырлатып, қимастықпен қос жанарынан саулап аққан жасын жан қалтасындағы ала шптымен сұрткенімен түйдектелген ыстық жас әлсін-әлі тамшылауын тоқтатар емес. Іші езіліп, қолқа-жүрегің біреу қопарып әкестердей мең-зең болып отырған ағасының әрбір қимылын жіті бақылап отырған әкесі: «Сіз былай егілсеніз, күйзелсеніз, арттағы ұл мен қыздың қолтығынан кім демейді, босаманыз. Өмірде төрт мезгіл іспеттес күні кеше ғана бұр жарған боз бала едік, жайқалған жаздың құрағындай алшаңдай басқан жігіттік шағымыз да артта қалып, күніренген күздің де уақыты келіп, жер ортасы жастан да асып барады екем, бұландыған өмір бізден де өтіп бара жатқандай» деді. Қос туыстың ағалы-бауырдың шер тарқасып сөйлесіп отырғандарына сүт пісірім уақыттан да асыпты. Әкесіне жауапты дәрігер баспалай келіп «Науқасты демалдырыңыздар, ертең де күн бар

ғой» дегендей жайма-шуақтап бізді тысқа шығарды. Аудан орталығындағы әкесінің немере ағасының үйінде кешкі асты ішіп отырғанбыз, кенет атасының ұялы телефоны безілдей жөнелді.

— Алло, алло, бұл кім? Атасы бірнеше рет қайталап отырған орынынан ұшып тұрды. Телефонның арғы жағынан тезірек келіңіздер деген сөзді ғана естігендей болдық. Телефон үзіліп кетті

— Құдайым-ай! «Не жаздым, не жаздым алла-ау!» деп, өкіріп басын қос қолымен төмпештеп егіліп жылаған атасы: «Айырылып қалдық!» деді. «Айырылып қалдық» деген ашы дауыс құлақ түбінен естілгенде отырған орнынан қалай сұлап түскенін де білмей қалды, төбесінен жай түскендей... Ертесі таң қылаң бере аудандық ауруханаға әкесінің қос ағасын және немерелес ағаларымен жетіп барса, аурухананың негізгі есігінен бастап үш бірдей есігі жабық тұр. Тек бұрыштағы екі кісі әзер сырттан есікпен ішке енсе, емхананың іші адам төзгісіз суық әрі үрейлі көрінді өзіне. Жаңа үш бірдей есіктің жабық жатқаны күні кеше ғана кішігірім жаракатпен түскен отызға аяқ баспаған соқталдай азамат біліксіз дәрігерлердің қате дәрі-дәрмек бергенінен көз жұмыпты, інісінің қазасына жаны төзбеген ағасы аурухананың бір дәрігерін жазым қылған екен, соған барлық есікті жауып отырған түрлері екен. Ақжандар да салып ұрып жетіп барып әкесін қараған дәрігермен тілдесейін десе, қараған дәрігер бой тасалап ерте жарықта үйіне тайып кеткен көрінеді. Ұлардай шулап үлкендер өкісігін баса алмай ет жақындары жан тәсілім болған бөлмеге қарай бүкшініп, езіле басып бас сұқты. Есіктен аттай бере терезе жақ төсекте ұйықтап жатқандай қымпиып тып-тыныш жатқан әкесінің бейнесін көргенде жүрегі жанын шыдаптай ауыртып барады. Баспалап келіп аяғына қолы тиді, аяғы салқын тартып барады екен, жүзіне де бажайлап қарап өкініш өзегін тырпаған жас жігіт күні кеше ғана әкесінің түннің бір уағына дейін көз ілмей баласына басын қойып, ұзын-сонар әңгімесі аяқтай бере тағы бір әңгіменің тиегін ағытып таң қылаң бергенше сөйлесіп жатқан еді. Енді ойлап қараса, жарықтық жарық дүниені де артта қалып бара жатқан қос құлыны мен аяулы жарын қимай жатқан екен ғой. Сөз арасында тура болмаса да жұмбақтап іштей дайындаған екен ғой. Көзбеген ғой. Қалай ғана сезсін, қалай ғана өлімге қысың?! Егіліп еңкілдеп жылап отырған әкесінің туған ағасы иіні босап өз көзіне өзі сенбегендей, әлде бұлай боларын ойламағаннан ба, есін жия алмай, дел-сал күйінде қос ағасы бірінен кесін бірі демдерін деп-салып, жағын қайта танды да, сүйекті ауылға жетпекке көлік қарастыра бастады. Сондай қым-қуыт қарбалас шақта бөлмеге кезекші дәрігерлермен бірге қос полиция өкілі жетіп келіп, қайғыдан қара жамылып тұрған қаралы топқа көңіл айтып басу айтқанның орынына бірден бұйрыққа көшіп, бірер сағаттың ішінде аудандық бөлмешіге баруларын бұйырды. Бірі қалмай жақын жағаластарының барлығы барды бір-бірілеп тергеу бөліміне кіре бастады. Ақжан да кірді. Іште екі полиция өкілі отыр, бірі толықтау келген мес қарын, екіншісі

шырайына шыр жұқпаған қара тақырдың дәл өзі. Есіктен аттай берген Ақжанға бұйыра тіл қатып:— Алдындағы орындыққа отыр! — деді зілді түрмен.

— Нендей жағдай болған, біз барлығын хаттамаға түсіруіміз керек. Көрген-білгеніңіз бәрін жасырмай айт! Ақжан аң-таң, қайда келдім, бұлар неге бізді тергеуі керек, бұлардікі қаншалықты заңды деген сауал ойына орала кетті. Бекірейіп екеуі көзін алмай қарап отырған сәтте басын қақшап еткізіп қос заң саласының өкіліне сұраулы жүзбен:

— Біз қандай елде өмір сүріп жатырмыз? Үлкен-кішімізді еш себепсіз тергеуге алғандарыңыз қалай? Алдында отырған екеуі еш шіміркенбестен езу тартып күлкіге айналдырып қояды. Ақжан іштей бұндай қорлық пен сорақылыққа төзіп енді шыдас беріп отырудың еш қажеті жоқтығын ұқты да, сазарған саз беттерге заңсыздықтарын беттеріне айтты да, қара есікті жаппастан шыға жөнелді. Кеше ғана бала сияқты бұлғақтап жүрген бозбала бір тәулікке аяқ баспай есейе бастағанын ұқты. Қайран, әке! Мәңгілікке бет бұрып кіндігіңнен тараған қос ұрпағыңды кімге тапсырып кетті! Ертесі таң қылаң бере әкесінің сүйегін аталас ағасының жұқ машинасына орналастырып, ауылға жеткенше төрт-бес кісі сүйек ары-бері қозғалып кетпеуі үшін ұстап отырып, ауылға қарай бет түзеді. Ақжанның қасында немере ағасы Ұмтыл қалып, нәзірмен қонақ асына соятын малды ыңғайлап алу үшін аудан орталығындағы Ақжандардың еселі акбоз үйіне қарай аяңдады. Үйге кірді. Үй тым сүркей әрі тым жағ. Менірейіп ғана алты-жеті бөлмеге иін тіркескен дүниенің өзі көзге тым жііркенішті көрінді. Есіктен кіргендегі қос бөлмені жинастырып жүріп әкесінің мал саған түгендеп отыратын қойын дәптері көздеріне түсті. Қолдарына алып парактап жатыр. Соның ала екі жарым бетке өсиет жазып кетіпті. Тіпті анасымен де арыздасып, аяулы жары мен қос құлының ағайын-туысына аманаттап жазған екен. «Ажал жақындағанда сезіледі» деген шындыққа жанасатын сияқты ма қалай? Әу бастан сезіп жүрген екен ғой, жарықтық! Қорғанда қос құлағын қайшылап тұрған қозықұрмен қолдағы үш-төрт ұсақты сойып алып Шіліктіге қарай бет түзеді ағасы екеуі. Маңырақ тауының ирелендеген тау жолымен жүріп Сарыөлкенің тұсына жеткен де Астана қаласында ЖОО оқитын қарындасынан қоңырау келді.

— Алло, Баян айта ғой!
— Қалың қалай, сабағың қалай?
— Жақсымын, аға!
— Сабақ та жақсы, атам сәл сырқаттанып қалды деп еді, қазір хәлі қалай? Жүрегінен тұншыққан үн әзер дегенде шықты.

— Атамыз жақсы, тәуір болып қалды. Суық тиген дейді, аз күн ауылға барып сорпалануға алып барамыз.
— Жақсы болған екен, аға! Тезірек сауығып кетсе екен, біздің бағымызға. Осы үн естілгенде машинаны тізгіндеп келе жатқан ағасы екеуінің жанарынан саулап аққан жастары беттерін жуып кетті. Жылағанын сездірмей бойын тез жинап алды да.— Алаңдама, Баян! Мүмкін ыңғайын келсе, оқу орнын рұқсат берсе, бір жұмаға келіп қайтсаң да болады.

— Жақсы, жақсы, аға! Мен сұранып көрейін, — деді де ұялы телефонды қоя салды.

Ауылға жетті. Машинада түсе берген Ақжанды қаумалаған қалың жұрт көңілдерін айтып, бет көрісіп жатыр. Бәрі түс сияқты. Әйтеуі артын жақсылап аттандырады деген ойды басымдылыққа алып әкесінің туған ағасы Исбай атасы мен аға-жеңгесінің ақылдарына жүгініп соңғы парызын өтеумен өбігерге түсіп жүрді. Ертені күн көзі көтеріле бере алыс-жақыннан келетін туыс-туған, құда-жегжат, көрші-қолаңның барлығы лек-легімен келе бастады. Алғаш әкесінен айырылғанын естіген сәтте есі шыға жылағаны ғана есінде, одан кейін өзі де жасын іркіп есін жиып, әкесінің тұспалдай айтқан тағы бір сөзі есіне орала кетті.— Балам, бесікте балаша бара жатқан жоксың, анаңмен қарындасыңа бас-көз бол! Есің шығып езіліп көп жылама, өлім қайда барсың сыңа барам деген аталы сөзден аттама. Әр ойдың жетегінде дегбірсізденіп отырғанда данғарадай қақпадан ұлардай шулап, ой бауырымдап он шақты ер адам, арттарынан жұбын жазбай жеті-сегіз әйел кісі келеді. Ерлер сыртта қаз-қатар болып орындықтарда отырған ерлерге еңкілдеп жылап келіп, іргедегі үйде жылауда отырған әйелдерге қарай бет бұрды. Топтың артынан келе жатқан әйелдердің сай сүйегінді сырқыратар көрістері тізбектеліп отырған ерлерді еңкілдетіп жылатып буын-буындарын босатып жібергендей. Ертесі күн төбеге келген шақта аулдың молдасы жақын жағаластан екі-үш кісіні алып сүйекті жуып болысымен бірден сүйек көрсетуге ішкі үйге кіргізді. Ақжан жанарынан саулап аққан жасқа ерік бере алатын емес. — Қош әке, қош! — деп келді де, бас салып құшақтай алды, жанын қарып барады. Шыдап бағуда, әке жүзін соңғы рет көретініне нанатын емес. Жылы жүзін енді мәңгі көрмейтін сезгенде бір сәтке болсын жібергіш ойы да жоқ. Егіліп отырған бозбаланы қолтығынан демеп қос ағасы сыртқа шығарды. Жаңаса оқылды. Кілемге орап қозы қош жердегі қорымға кезектесе көтеріп тізбектеліп бара жатыр. Алыс-жақыннан келген қара нөпір халық бір-бір уыс топырағын салып үй-үйлеріне тарасты. Жалған дүние жалғандығын алғаш сездірген еді. Сол күннен бастап Ақжан бойында бір жалғыздықпен қолқа жүрген қапқан ашы шер пайда болды. Әкесіз күндер басталды. Әкесімен өткен жылы естеліктерін тек еске алып, әкесінің мал жайып жүретін үй-қырына барып, әкесі құлпытөбелі мініп келе жатқандай сағымға толы мәңгілік сағыныштың құшағына шомып кетті. Әкесінің жылына бір ай қалғанда екі жылға жуық бөлгілі кедергілерге байланысты шекарадан өте алмаған анасының келуі өміріне жаңа бір леп әкелді. Жүрегіне байланған шері де күн өткен сайын басыла түскендей, бірақ әкеге деген мәңгілік сағыныш жүрек дәптеріне жазыла берді.

Ақжол ҚАДЫЛБЕКҰЛЫ
ADEBIPORTAL.KZ

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС Директор-Редактор Егиншibaева Анар Жақсыбекқызы Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Рысбай Кәрімов	Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00035077 куәлігі берілген. Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж	Редакцияның мекен-жайы: Тоқмағанбетов көшесі 36 а, 1 қабат 4 кабинет Телефон: 8 777 752 54 63	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62 Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы. <i>Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді</i> Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91	Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылады Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясын мен фактілері үшін редакция жауап бермейді Таралымы 9726 дана Индекс 66503 Тапсырыс №210 E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/
--	---	---	--	--	--